

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1339 тіркелген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру туралы" 2000 жылғы 15 қарашадағы N 90 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 132 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 26 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2311. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 373 (V043400) қаулысымен (Қолданысқа ену тәртібін қаулының 2-тармағынан қараңыз).

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру туралы" 2000 жылғы 15 қарашадағы N 90 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1339 тіркелген, 2001 жылғы қаңтарда "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында жарияланған, N 1) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауындағы "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға" деген сөздер "Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Лицензиялау туралы" Заңының және Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:";

м ә т і н б о й ы н ш а :

"Компания", "Компанияның", "Компанияларға", "Компания" деген сөздер

тиісінше "Ұйым/Қор", "Ұйымның/Қордың", "Ұйымдарға/Қорларға", "Ұйым/Қор" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Ұлттық комиссия", "Ұлттық комиссияға" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ол", "оның" деген сөздер "/олар", "/олардың" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - т а р м а қ т ы ң :

1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұйым - жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым";

мынадай редакциядағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) "Қор" - зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры";

2-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

3-тармақтағы "Ұлттық комиссия берген және қолданылу мерзімі кемінде Лицензия алуға арналған құжаттарды Ұлттық комиссия қабылдаған күннен бастап үш айдан кейін аяқталатын" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тармақтың б) тармақшасының екінші абзацындағы "өзге де" деген сөздердің алдына "бағалы қағаздармен мәмілелер жасау және" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ алынып тасталсын.

2. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының барлық мүдделі бөлімшелеріне, бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушыға, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға, жинақтаушы зейнетақы қорларына және "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК